

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігі Үкіметінің арасындағы 2000-2003 жылдарға арналған білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастық Бағдарламасы

Бағдарлама 2000 жылғы 30 қазан Мадрид қаласы. Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді.

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Испания Корольдігінің Үкіметі,

Тараптар мемлекеттері арасындағы мәдениет және білім саласындағы
ынтымақтастықты тереңдетуге тілек пен өзара мүдделілік білдіре отырып, бірлескен
жобаларды, мәдени алмасуларды жүзеге асыру Тараптар мемлекеттері арасындағы
достықты нығайтуға ықпалын тигізетініне сенім білдіре отырып,

Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігінің арасындағы Мәдениет,
білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы 1997 жылғы 27 қазандағы
келісім шеңберінде бұрын белгіленген байланыстарды нығайту мақсатында,
төмендегілер туралы келісті:

I. Білім саласындағы ынтымақтастық 1-бап

Тараптар білім саласында төмендегі бағыттар бойынша ынтымақтастықты
дамытады және көтермелейтін болады:

- а) Тараптар мемлекеттеріндегі білім беру жүйесіне, оқытудың жаңа әдістемелеріне,
педагогикалық әдебиеттер мен білім туралы жарияланымдар туралы алмасуларға
қатысты ақпараттар алмасу;
- б) жоғары оқу орындары арасындағы тікелей алмасулар;
- в) жоғары оқу орындарының және ғылыми-зерттеу институттарының
мамандарымен алмасу (жылына 3 адам);
- г) филология саласында сарапшылар алмасу (жылына 2 адам).

II. Стипендиялар 2-бап

Қазақстан тарабы Бағдарлама барысында жоғары білімі бар Испания Корольдігінің
азаматтарына төмендегідей стипендиялар ұсынады:

- а) Жыл сайынғы негізде испандық тарапқа бір академиялық жылға Қазақстан
Республикасының білім беру және ғылыми ұйымдарында қазан айынан бастап маусым
айының аяғына дейінгі кезеңде зерттеу жұмыстарын жүргізуге немесе
тағылымдамаларға арналған екі (2) стипендия.

б) Жыл сайынғы негізде Қазақстан Республикасының білім беру және ғылыми ұйымдарында бір академиялық жылдан артық кезеңге тағылымдамаға арналған стипендиялар.

3-бап

Испандық тарап Бағдарлама барысында жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтарына төмендегідей стипендиялар ұсынады:

а) Бір академиялық жылға зерттеу жұмыстарына немесе Испания Корольдігінің білім беру және ғылыми ұйымдарында тағылымдамаға арналған екі (2) стипендия. Әрбір стипендия бір немесе бірнеше грант иелеріне, ең кемі үш (3) айға немесе ең ұзағы тоғыз (9) айға, қазан айынан бастап маусым айының аяғына дейін кезеңге а р н а л ғ а н .

б) Мадридтегі Испан жазғы мектебінде маусым айында шетелдіктер үшін испан тілі мен мәдениетін зерттеу курстарына қатысу үшін екі (2) бір айлық стипендия. Курстарды Испания Сыртқы істер министрлігі және Мадридтің Комплутенсе Университеті ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

в) Испания Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы Елшілігі арқылы мәдени және ғылыми байланыстар жөніндегі Бас Директорат ұсынатын шетелдік мамандар үшін Испания Корольдігінің тарихы, әдебиеті және мәдениеті салаларындағы зерттеу жұмыстарына а р н а л ғ а н с т и п е н д и я л а р .

г) Қазақстан Республикасының кандидаттары үшін, егер олар оқуға түсуге қойылатын талаптарға жауап берсе, Мадридтегі Дипломатиялық мектепте халықаралық қатынастар жөніндегі курстарға арналған стипендиялар.

III. Мәдениет саласындағы ынтымақтастық 4-бап

Т а р а п т а р :

а) Тараптар мемлекеттері аумақтарында мәдени іс-шаралар мен көрмелер өткізуге ж ә р д е м д е с у г е ;

б) Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары арасында кәсіби өнер саласындағы ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы дамытуға;

в) Тараптардың бірі өткізетін бейнелеу өнері мен өнердің орындаушылық түрлері, әдебиет, мұрағат ісі, кітапхана ісі, кинематография саласындағы мәжілістерге испандық және қазақстандық мамандардың өзара қатысуларын көтермелеуге келісті.

5-бап

Тараптар мәдениет апталықтарын Тараптар мемлекеттері аумақтарында өзара ұйымдастыруға жәрдемдесетін болады.

6-бап

Тараптар барлық салаларда авторлық құқықты және аралас құқықты қорғау жөніндегі ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

7-бап

Испандық тарап баспаларға олардың ана тілдеріне испан авторларының ғылыми және әдеби жұмыстарын аудару және жариялау жөнінде көмек көрсету бағдарламасы туралы ақпаратты ұсынады. Бұл көмек мәдениет жөніндегі Испан Мемлекеттік Хатшылығы арқылы жүзеге асырылады.

8-бап

Тараптар мұрағаттық құжаттар саласындағы ынтымақтастықты төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырады :

- а) мұрағаттық құжаттарды жүргізу саласында тәжірибе алмасу;
- б) жарияланымдар алмасу (жол көрсеткіштер, каталогтар, мүкәмелдық парақтар және т. б.) ;
- в) мәдени мұраның бір бөлігі болып табылатын құжаттарды сақтау, қалпына келтіру және микрофильмдеу ;
- г) Тараптардың тиісті мұрағат қызметтерімен келісілген тақырыптар бойынша мұрағат құжаттарының көрмелерін ұйымдастыру.

9-бап

Кітап басып шығару және кітап тарату мәселелерімен айналысатын мекемелер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында Тараптардың Ұлттық кітапханалары :

а) библиографиялық ақпарат және құжаттамаға жол ашу саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады ;

б) кітапханаларда жаңа ғылыми технологияларды қолдану жөнінде тәжірибе алмасуды жүзеге асырады ;

в) Испания Ұлттық кітапханасына қазақстандық авторлардың Испания туралы шығармаларын, сондай-ақ Қазақстанда жарияланған испандық және латынамерикандық авторлар шығармаларының аудармалары мен жарияланымдарын сатып алуға жәрдемдеседі ;

г) библиографиялық ақпарат және құжаттамаға жол ашу саласында, сондай-ақ кітапханаларда жаңа технологияларды қолдану жөнінде тәжірибе алмасудағы ынтымақтастыққа ұйтқы болады, ол үшін осы Бағдарламаның жұмыс істейтін кезеңінде

қазақстандық тарап қазақ немесе орыс тілін білетін бір кітапханашыны Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына, ал испандық тарап испан тілін білетін бір кітапханашыны Испанияның Ұлттық кітапханасына шақырады.

10-бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес Тараптар мемлекеттік және көпшілік кітапханалары арасында ортақ тарихи-мәдени маңызы бар репродукциялармен және микрофильмдермен, жұмыстармен алмасуды жүзеге асырады.

11-бап

Т а р а п т а р :

а) мемлекеттік мұражайлар арасында ақпарат және құжаттар алмасуды жүзеге асыруға жәрдемдесуге ;

б) жаңа технологияларды қолдану жөніндегі ынтымақтасуға және тәжірибе алмасуға ;

в) Тараптар мемлекеттерінің бірі ұйымдастырған тағылымдамалар туралы құлақтандырып және оларға қатысуға мүмкіндік жасай отырып, мұражай ісі саласында мамандарды оқыту бағдарламасын жүзеге асыруға келісті.

12-бап

Тараптар тарихи мұраларды зерттеу саласында, осы саладағы ақпарат, мамандардың жарияланымдарын алмасу, сондай-ақ тарихи мұраларды сақтау және қалпына келтіруге қатысты жүзеге асырылатын кез келген қызмет түрлері туралы ақпарат алмасу арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

Испан тарихи мұралар институты қазақстандық тарапқа мәдени құндылықтарды сақтау және қалпына келтіру жөніндегі курстарға қатысу мүмкіндіктерін ұсынады.

IV. Жалпы және қаржылық ережелер 13-бап

Т а р а п т а р :

а) қызметтің әрқилы түрлері мен мәдени алмасу Тараптар мемлекеттері бюджеттерінің шектеулеріне сәйкес шектелетіндігіне;

б) осы Бағдарламада көрсетілген мәдени алмасулар Тараптар дипломатиялық арналар арқылы келісуі мүмкін басқа да қызмет түрлерін, сапарлар мен ұсыныстарды жоққа шығармайтындығына ;

в) жоғарыда аталған сомалар Тараптардың мемлекеттік бюджеттерінде көзделген қаражаттарға сәйкес жыл сайын өзгеруі мүмкін екендігіне келісті.

14-бап

Қазақстандық тарап ұзақ мерзімді гранттарға арналған зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін 10000 (он мың) теңге және аспирантурада оқу үшін, сондай-ақ дәрі-дәрмек шығыстарына, стоматологиялық қызмет көрсетуге және бұрыннан бар ауруларды емдеуге ақы төлеместен медициналық сақтандыруға 14000 (он төрт мың) теңге көлемінде ай сайынғы стипендия ұсынады.

- Балама нұсқа ретінде қабылдайтын оқу орны отбасында тұруға жағдай жасауы м ү м к і н .

- Испан үміткерлерінің сауалнамалары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне 25 сәуірге дейін жіберіледі. Стипендия алуға ұсынылған үміткерлерді іріктеу жөніндегі соңғы шешімді қазақстандық тарап қабылдайды.

15-бап

Испандық тарап ұзақ мерзімді гранттарға ай сайын тоқсан жеті мың бес жүз песет (97,500) ұсынады, ал гранттарға жеті (7), сегіз (8) және тоғыз (9) ай бойы стипендияның ең ірі мөлшері жүз мың песет (100,000) бөлінеді. Жеті (7) айдан кем мерзімге бөлінетін гранттарға стипендиялар бөлінбейді. Барлық гранттар дәрі-дәрмек шығыстарына, стоматологиялық қызмет көрсетуге және бұрыннан бар ауруларды емдеуге ақы төленбестен медициналық сақтандырумен қамтамасыз етіледі.

16-бап

Жазғы курстар бойынша испандық тарап құрамына Мадридтегі дипломатиялық мектептің Испан жазғы мектебінің курстарында шілде айында тегін оқу, университет пансионатындағы бөлме немесе жиһаздалған бөлме, демалыс күндері кешкі асқа, жексенбі күні тамақтануға, мерекелерге жиырма екі мың бес жүз (22,500) песет енетін жыл сайынғы грантты және дәрі-дәрмек шығыстарына, стоматологиялық қызмет көрсетуге және бұрыннан бар ауруларды емдеуге ақы төлеместен медициналық сақтандыруды ұсынады.

Қазақстандық үміткерлердің сауалнамалары Испания Корольдігінің Сыртқы істер министрлігіне 31 наурызға дейін ұсынылуы керек. Гранттар алуға ұсынылған үміткерлерді іріктеу жөніндегі соңғы шешімді испандық тарап қабылдайды.

17-бап

Алмасу бағдарламасының барлық жағдайларында, егер басқа келісімге қол жеткізілмесе, жіберуші тарап барып-қайтудың көлік шығыстарын көтеретін болады.

Қабылдаушы тарап жобаны табысты түрде жүзеге асыру мақсатында мемлекет ішіндегі барлық көлік шығыстарын жабуға тиісті.

18-бап

Алмасу бағдарламасының барлық жағдайларында қазақстандық тарап испан сарапшыларының тұруына арналған шығыстарды, Қазақстан Республикасы бойынша испан сарапшыларының көліктік шығыстарын жабады және дәрі-дәрмек шығыстарына, стоматологиялық қызмет көрсетуге және бұрыннан бар ауруларды емдеуге ақы төлеместен медициналық сақтандырумен қамтамасыз етеді.

19-бап

Алмасу бағдарламасының барлық жағдайларында испандық тарап екі (2) аптадан артық емес сапар кезеңіне көлемі (13,000) он үш мың песет болатын тәуліктік қаржылай жәрдемақыны, сондай-ақ дәрі-дәрмек шығыстарына, стоматологиялық қызмет көрсетуге және бұрыннан бар ауруларды емдеуге ақы төлеместен медициналық сақтандыруды ұсынады.

20-бап

Жіберуші тарап дипломатиялық арналар арқылы ұйғарылған сапардан төрт ай бұрын жіберілетін сарапшылардың, әртістердің тобына қатысты төмендегідей ақпарат ж і б е р е д і :

а) келу мақсаты (қызмет немесе оқу бағдарламасы) және алмасу жүзеге асырылатын
Б а ғ д а р л а м а б а б ы ;

б) жіберілетін тұлғалардың аттары, білімдері туралы мәліметтер, паспорттарының нөмірлері, шетел тілдерін меңгеру деңгейі және қабылдаушы Тарап талап ететін
б а р л ы қ а қ п а р а т ;

в) келуінен екі апта бұрын келудің нақты күні көрсетілген сапар мерзімі.

V. Қорытынды ережелер 21-бап

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Бағдарламаның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

22-бап

Осы Бағдарлама Тараптар жасасқан басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

23-бап

Осы Бағдарламаның ережелерін түсіндіру мен қолдануға байланысты даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар арқылы шешетін болады.

Осы Бағдарлама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 3 жыл мерзімге жасалады.

Мадрид қаласында 2000 жылғы 30 қазанда, екі түпнұсқа дана болып, қазақ, испан, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Бағдарламаның ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

(Қолдары)

М а м а н д а р :
Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.